

Жаназарова Загира Кожабаявнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Диссертациялық жұмыс қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби-коммуникативтік даярлығын жетілдіру қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеу барысында автор метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұнын ғылыми тұрғыдан негіздеп, оны қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін ұсынған. Диссертацияда экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында кәсіби-экономикалық тезаурусты қалыптастыру, экономикалық дискурсты меңгерту және жобалау технологияларын қолдану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдірудің тиімді жолдары айқындалған. Сонымен қатар, зерттеу аясында арнайы жаттығулар жүйесі, интеграцияланған оқу модульдері, оқу құралы мен тезаурустық сөздік әзірленген.

Жұмыстың ғылыми құндылығы ұсынылған теориялық қағидалармен, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасаумен және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеуімен ерекшеленеді. Эксперимент нәтижелері білім алушылардың кәсіби терминологияны меңгеру, кәсіби дискурсты талдау, жобалық тапсырмаларды орындау және кәсіби коммуникацияны ұйымдастыру дағдыларының он динамикасын көрсеткен.

Диссертацияның теориялық және практикалық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде, оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіруде тиімді пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыс ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Осыған байланысты Жаназарова Загира Кожабаявнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары бағалауға лайық деп санаймын, ал автор философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және аталған дәрежені алуға лайық.

Пікір білдіруші:

А.С. Саренова

Алматы менеджмент университеті

Tolyq Adam институтының директоры

Педагогика ғылымдарының кандидаты



Подпись заверяю

Қол қойғанын растаймын

« 5 » 06 2012 г.

Мент